«БЕКІТЕМІН»
ЖШС Korkem baby балабақшасы
меңгерушісі: Жаркимбаева Ш. Е _____
№1 педагогикалық кеңес *28.08.2024ж*

2024–2025 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары
ЖШС Korkem baby балабақшасы

Алматы қаласы.

Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы

ЖШС Korkem baby балабақшасы

I. Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы

Ұйымның атауы:

Мекен жай *(заңды мекенжай және нақты орналасқан мекенжай):*

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон / факс:

Электронды пошта:

Веб-сайт:

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары *(МДҰ Жарғысы):*

Рұқсат беру құжаттары *(МДҰ қызметінің басталуы туралы хабарлама):*

Ұйым түрі: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту

Меншік нысаны: Мемлекеттік

Ғимараттың түрі:

Пайдалануға берілген жылы:

Ғимараттың салынған жылы:

Оқу тілі: қазақ және орыс

Топтар саны: 3 топ;3 топ мемлекеттік тілде

Топтар саны және олардың ерекшелігі, тәрбиеленушілердің саны

№ р/с	Топтың атауы	Жас ерекшеліктері кезеңдері	Жас топтары	Бағыттылық
2	«Балапан»	3 жас	Ортаңғы	Мектепке дейінгі жас
3	«Құлыншақ»	4 жас	Ортаңғы	Мектепке дейінгі жас
4	«Ботақан»	4 жас	Ересек	Мектепке дейінгі жас
8	«Балауса»	5 жас	Мектепалды	Мектепке дейінгі жас

ПЕДАГОГТЕРДІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

Мектепке дейінгі ұйымның ұжымы штат кестесіне сәйкес жұмыс істейді.
Қызметкерлердің педагогикалық құрамы - 5 адам.

Педагогтер құрамын талдау (білімі мен санаты)	Саны
Педагогикалық жоғары білім	5
Мектепке дейінгі жоғары білім	1
Мектепке дейінгі арнайы орта білім	1

Мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істейтін барлық педагогтердің тиісті педагогикалық білімі бар:
педагогтердің _66 % педагогикалық жоғары білімі бар;
педагогтердің _ 28 % мектепке дейінгі жоғары білімі бар;
педагогтердің _14 % мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар.
Біліктілік санаттары жоқ педагогтер 10 —1 жас мамандар.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

АКТІЛЕР 2025-2026 оқу жылында МДҰ мен мектепалды сыныптары тәрбиелеубілім беру процесін жүзеге асыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады: Қазақстан Республикасының

- Еңбек Кодексі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
- «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235
- Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329
- Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469
- Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166
- Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары 6 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323
- Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227
- Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_
- Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
- Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883

- Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V200002070
- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317
- Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619
- Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584
- Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239
- «Үздік педагог» атағын беру қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472
- Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317
- Педагогтік қайта даярлау қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147
- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229_
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, 7 орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016137
- Өрт қауіпсіздігі қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867
- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414

Жылдық жоспар

2024 –2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты:

-МДҰ-да балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету.
-«Жасыл балабақша» жобасы бойынша экологиялық білім беру
-«Тәрбие бегісі» жобасын іске асыру
-Ұлттық құндылықты дәріптей отырып заманауи технологияларды балаларға меңгерту.
-Адалдық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту

Міндеті:

-мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және
денсаулығын қорғау;
- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері
және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке
тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.
Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының
алдын алу үшін:
- тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету,
- басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту,
- алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;
- баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды
болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау

Аналитикалық бөлім

2024-2025 оқу жылының жылдық тапсырмалардың орындалуын талдау

Материалдық-техникалық базасы

ТОО Korkem baby балабақшасы материалдық-техникалық базасы педагогикалық талаптарына, қазіргі білім беру деңгейіне, санитарлық нормаларға сәйкес.

Бөбекжай жұмсақ және қатты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Топтар жиһазбен, ойыншықтармен, оқу- әдістемелік құралдарымен жабдықталған.

Медициналық кабинет, кір жуатын, ас бөлмелері қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген.

Барлық топтарда 1.Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі ісәрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу ісәрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер

туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда өз бетінше оқу дағдылары мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру өмірді қорғауға және денсаулықты нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктері мен дағдыларын: мәдени-гигиеналық біліктері мен дағдыларын, мінез-құлық қағидаларын дамытуға, оларды күн тәртібі мен режиміне тартуға, когнитивтік функцияларды дамытуға, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда мейірімділік, көңіл бөлу, қамқорлық және өзара көмек атмосферасын құруға, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде тәрбие дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, туған өлкеге, өз еліне, тарихына сүйіспеншілігін тәрбиелеуге бағытталған. Осы идеяларды, жүзеге асыру мақсатында бөбекжайда мемлекеттік рәміздер стенді, киіз үй түрінде орындалған «Ұлы даланың жеті қыры» стенді, этнопедагогика кабинеті бар.

Дамытушы орта эстетикалық, санитарлық-гигиеналық, психология-педагогикалық, материалдық –техникалық комплекстеріне сәйкес.Топтарда балалардың өмірін қамтамасыз етуге жағдай жасалған: қимылды ойындарға атрибуттар, спорттық құралдар, дамытушы ойындар, қуыршақ театры мен сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал-жабдықтары бар. Әрбір топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пәндік –дамытушы ортасы құрылған

Биылғы оқу жылында бөбекжай өз алдына бірқатар міндеттерді қойды:

- Ұйымдастырылған іс-әрекетте және күнделікті өмірде ойын әрекеті арқылы баланың өзін тануға деген қызығушылығын арттыра отырып, өзін-өзі жетілдіруі мен физикалық, психиқалық, рухани, әлеуметтік, шығармашылық өсуі тұрғысынан үйлесімділікке қол жеткізу, қабілеттерін ашу, адамгершілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу;
-ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
-мектепке дейінгі білім беру мекемесі тәрбиешісінің кәсіби құзіреттілігін дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымда санаты бар педагогтардың үлесі біліктіліктің қажетті деңгейіне сәйкес, сонымен қатар санатсыз педагогтар, жаңадан оқуға түскендер, еңбек өтілі жоқ жас мамандар бар.

Жас мамандармен көптеген әдістемелік жұмыс жүргізілді. Тәрбиешілер әрқашан өз білімдерін жетілдіріп, біліктілік көтеру курстарынан өтіп, аттестациядан өтуге ұмтылады. Өздерінің кәсіптік деңгейлерін тәжірибе алмасып, жаңа технологияларды, әдістемелік әдебиеттерді пайдаланып, бір-бірімен ақылдаса көтеріп отырады.

Педагогикалық кадрларды дұрыс орналастыру білім деңгейі мен еңбек өтілі бойынша қарастырылады. Педагогикалық кадрлардың сұрақтары педагогикалық кеңес пен өндірістік жиналыстарда қаралады.

Педагогтардың кәсіби құзіреттілік деңгейін көтеру мақсатында, педагогикалық ұжымның жұмысына ізденіс, жаңа мазмұн енгізе отырып, оқу-тәрбие үрдісін іске асыру көзделген болатын сол мақсатта педагогтармен көптеген жұмыстар жүргізілді.

2024-2025 оқу жылының жылдық міндеттемелері

1**. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.**

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

2. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру барысында тәрбиеленушілерді **қазақ халқының ұлттық мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, ұлттық қолөнерімен және этно-ою-өрнектерімен** таныстыру арқылы олардың туған жеріне, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы мен құрметін арттыру көзделеді.

Этно-ою-өрнектерді шығармашылық іс-әрекетке кіріктіру арқылы балалардың эстетикалық талғамын, қиялын, шығармашылық қабілетін, ұсақ моторикасын және өз ойын еркін жеткізу дағдыларын дамытуға жағдай жасау. «Қошқармүйіз», «Түйетабан», «Құс қанаты», «Гүл», «Ирек» сияқты ұлттық ою-өрнектердің мәні мен ерекшеліктері туралы қарапайым түсініктер қалыптастыру.

Балалардың **жеке және топтық шығармашылық жұмыстарға** қатысуы арқылы бір-бірімен ынтымақтастықта әрекет етуге, өзгенің еңбегін құрметтеуге, ортақ нәтижеге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Ұлттық ою-өрнектерді сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, сәндеу және еркін шығармашылық жұмыстарында қолдану арқылы **шығармашылық ойлау, дербестік, эмоционалдық елгезектік, өзара көмек және эстетикалық мәдениет** дағдыларын қалыптастыру.

Сонымен қатар, ұлттық нақыштағы шығармашылық жұмыстар арқылы балалардың **«Мен – қазақ халқының мәдениетінің бір бөлшегімін»** деген қарапайым түсінігін қалыптастырып, туған жеріне, халқына, оның мәдени мұрасына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Жылдық жоспардың тараулары	АЙЛАР										Жауапты/ Ескерту
	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	
1. Саламатты өмір салтын ұйымдастыру: **Мақсаты**: денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы мектепке дейінгі ұйымның балалары мен педагогтерінің саламатты өмір салтын қалыптастыру.											
ҰІӘ (ДШ) «Дене шынықтыру»	**ДШ**	**ДШ**	**ДШ**	**ДШ**	**ДШ**	**ДШ**	**ДШ**	**ДШ**	**ДШ**	**ДШ**	Дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушылары. ҰІӘ Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі.
Режимдік сәттер **(РС)**			**РС** Балаларды қабыл дау				**РС** Серуен			**РС** Күн тәртібін сақтау	Күн тәртібіне сәйкес.
Денсаулық күндері **(ДК)**		**ДК**				**ДК**			**ДК**		Әдіскерлер, дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушылар, тәрбиешілер. ДК тоқсан сайын. Тақырыбы мен нысаны осы жылға бекітілген міндеттерге сәйкес
Дене шынықтыру сауықтыру іс-шаралары (ДШСІШ)	**ДШСІШ**	**ДШСІШ**	**ДШСІШ**	**ДШСІШ**	**ДШСІШ**	**ДШСІШ**	**ДШСІШ**	**ДШСІШ**	**ДШСІШ**	**ДШСІШ**	Дене шынықтыру нұсқаушыларының жоспарына сәйкес. ДШМ - барлық топтарда айына 1 рет.
Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)						**ДШМ**			**ДШМ**		Дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушылары. Ересек және мектепалды топтарда жылына 2 рет өткізіледі. Тақырыбы мен нысаны осы жылға бекітілген міндеттерге сәйкес
Тиімді түрде үйлестірілген тамақтануды ұйымдастыру:		**ТТҰТҰ**	**ТТҰТҰ**	**ТТҰТҰ**	**ТТҰТҰ**	**ТТҰТҰ**	**ТТҰТҰ**	**ТТҰТҰ**	**ТТҰТҰ**	**ТТҰТҰ**	Санитарлық ережелерге сәйкес емдәм.
Медициналық-педагогикалық бақылау (МПБ)		**МПБ**							**МПБ**		Мейірбикенің жоспарына сәйкес, жылына 2 рет өткізіледі. Дене шынықтыру бойынша ҰІӘ жалпы және моторлық тығыздығы, антропометрия, өкпе қуатын өлшеу, динамометрия, лақтыру және секіру қашықтығын өлшеу
2.Педагогтермен жұмыс: **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің өз білімін жетілдіру дағдыларын дамыту және шыңдау бойынша жұмыс жүргізу; жас мамандардың құзыреттерін жетілдіру және озық педагогтермен тәжірибе алмасу.											
Педагогтерді аттестаттауды		**ПА**					**ПА**	**ПА**			Педагогтер, аттестаттау комиссиясы.

жүргізу (ПА)											Индикативтік жоспарға сәйкес.
Біліктілікті арттыру (БА)		**БА**									Біліктілікті арттыру Педагогтердің біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес 3 жылға жүргізіледі.
Жас мамандармен жұмыс (ЖМЖ)		**ЖМЖ**			**ЖМЖ**			**ЖМЖ**	**ЖМЖ**		Әдіскер, педагог-психолог, тәжірибелі педагогтер. Жылдық жоспарға сәйкес.
Әдістемелік бірлестіктің жұмысы (ӘБЖ)		**ӘБЖ**		**ӘБЖ**			**ӘБЖ**			**ӘБЖ**	Әдіскер. Жылдық жоспарға сәйкес
Педагогтерге арналған кеңестер (ПАК)		**ПАК**	**ПАК**	**ПАК**	**ПАК**	**ПАК**	**ПАК**	**ПАК**	**ПАК**	**ПАК**	Әдіскер, педагог-психолог. Жылдық жоспарға сәйкес.
Озық тәжірибе мектебі **(ОТМ)**		**ОТМ**	**ОТМ**	**ОТМ**	**ОТМ**	**ОТМ**	**ОТМ**	**ОТМ**	**ОТМ**	**ОТМ**	Меңгеруші, әдіскер. Жылдық жоспарға сәйкес.
3. Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру:											
ұйымдастырылған әрекет		**ҰІӘ**	**ҰІӘ**	**ҰІӘ**	**ҰІӘ**	**ҰІӘ**	**ҰІӘ**	**ҰІӘ**	**ҰІӘ**	**ҰІӘ**	Әдіскер. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандартының талаптарын орындау.
Білім беру процесінің ашық көрсетілімі (АК) қорытынды көрсетілім (ҚК)				**АК**		**АК**	**АК**		**ҚК**		Әдіскерлер, педагогтер. Жылдық жоспарға сәйкес.
Педагогикалық кеңес(ПК)	**ПК**			**ПК**		**ПК**		**ПК**		**ПК**	Педагогтер, мамандар. Педагогикалық кеңес туралы ереже негізінде.
Семинар, әдістемелік кабинет (ӘК)		**ӘК**	**ӘК**			**ӘК**	**ӘК**				Әдіскер.
Мерекелік ертеңгіліктер (МЕ)		**МЕ**	**МЕ**		**МЕ**			**МЕ**		**МЕ**	Тәрбиешілер, музыкалық жетекші, хореограф
Көрмелер (К)			**К**	**К**	**К**			**К**	**К**		Әдіскерлер, педагогтер. Жылдық жоспарға сәйкес.
Мақсатты серуендер, саяхаттар (МС)		**МС**	**ӘК**	**ӘК**	**ӘК**	**ӘК**	**ӘК**	**ӘК**	**ӘК**	**ӘК**	Тәрбиешілер. Кестеге сәйкес.
Көшедегі мінез-құлық ережелері (КМҚЕ)		**КМҚЕ**	**КМҚЕ**	**КМҚЕ**	**КМҚЕ**	**КМҚЕ**	**КМҚЕ**	**КМҚЕ**	**КМҚЕ**		Тәрбиешілер. Кестеге сәйкес.
Тақырыптық сабақтар (ТС)		**ТС**			**ТС**				**ТС**	**ТС**	Тәрбиешілер. Кестеге сәйкес.
4. Әлеуметпен жұмыс:											
Ата-аналар жиналысы (ААЖ) Конференция (К)		**ӘЖ**			**ӘЖ**		**ӘЖ**			**К**	Меңгеруші. Мамыр айында ата-аналар жиналысы конференция түрінде өтеді.
Ата-аналарға кеңес беру пунктінің		**ААКБП**	**ААКБП**	**ААКБП**	**ААКБП**	**ААКБП**	**ААКБП**	**ААКБП**	**ААКБП**	**ААКБП**	ААКБП жыл бойы жұмыс істейді. Қаңтар, мамыр айларында ААКБП

жұмысы (ААКБП)											ұйымдастырушылық, аралық және қорытынды жұмысын талдау қаңтар, мамыр айларында жасалады.
Бірлескен іс-шаралар (БІШ)		**БІШ**	**БІШ**	**БІШ**	**БІШ**	**БІШ**	**БІШ**	**БІШ**	**БІШ**	**БІШ**	Ата-аналардың қатысуымен жоспарлы түрде өтеді.
Мектеппен сабақтастық (МС)		**МС**	**МС**	**МС**	**МС**	**МС**	**МС**	**МС**	**МС**	**МС**	Әдіскер. Кестеге сәйкес.
Басқа әлеуметтік серіктестер (ӘС)		**ӘС**									Меңгеруші.. Кестеге сәйкес.
5. **Бақылау және басшылық:**											
фронталды бақылау (ФБ)	**ПК№1**					**ЖМЖ №2**					Әдіскер. Кестеге сәйкес.
Салыстырмалы бақылау (СБ)		**ӘБЖ№1**				**ПК №3**	**ӘБЖ №3**			**ПК №5**	Әкімшілік және өндірістік жиналыстарға орай жоспарланады.
Тақырыптық бақылау (ТБ)				**ӘБЖ№2**	**ӘБЖ №3**			**ПК №4**			Педагогикалық кеңестерге орай жоспарланады.
Жедел бақылау (ШБ)	**МЖК**	**МЖК**	**МЖК**	**МЖОӘБЖ №2**	**МЖК**	**МЖК**	**МЖК**	**МЖК**	**МЖК**	**МЖК**	Әкімшілік және өндірістік жиналыстарға орай жоспарланады.
Әкімшілік бақылау (ӘБ)		**ӘБЖ №1**	**МЖК**		**МЖК**	**МЖК**	**МЖК**	**МЖК**	**МЖК**		Меңгеруші
Мониторинг (М)		**М**				**М**				**М**	Әдіскерлер, педагогтер. Жылына 3 рет жүргізіледі (бастапқы, аралық, қорытынды).
Өндірістік жиналыс (ӨЖ)	**ӨЖ**				**ӨЖ**		**ӨЖ**			**ӨЖ**	Меңгеруші

I-тарау **Дене шынықтыру-сауықтыру шаралары**

№	Негізгі іс-әрекет мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1.Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір сүруді насихаттауда гигиеналық талаптарды орындалуы мен баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу жұмыстарын қамтамасыз ету.	Тұрақты	Барлық топ тәрбиешілері
2	**Дене шынықтыру шаралары:** -таңертеңгі жаттығу -дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері -қимыл-қозғалыс спорттық ойындар		Медбике
3	**Денсаулық сақтаудың педагогикалық технологиялық әдіс-тәсілдерін дамыту** -шынықтыру алашаларымен жүріп өту -арқаға массаж жасау -көз жаттығулары -саусақ жаттығулары -ырғақты би -су процедулары -серуен (ауа ванналары)	Тұрақты	Медбике Барлық топ тәрбиешілері
4	Топтарда санитралық гигиеналық шараларды күнделікті орындау	Тұрақты	Медбике шаруашылық меңгерушісі
5	Балабақшада жарақат алудың алдын алу шаралары (қауіпсіздік техникасын сақтау, топтарды жиһаздармен жабдыөтай отырып бекітіп нығайту жұмыстары)	Тұрақты	Медбике меңгерушісі
6	Күнделікті балаларға берілетін тамақ сапасын бақылау	Тұрақты	Меңгеруші медбике
7	Әр түрлі инфекциялы жұқпалы ОРВИ ауруларды алдын алу шаралары	Тұрақты	Медбике
8	Дене тәрбиесі бойынша қорытынды жұмыстар: -барлық топ тәрбиешілердің ойын-сауықтарды өткізу бойынша қорытындысы -медбике қызметкерлерінің жартыжылдықта жасалған жұмыстарының қорытындысы -шынықтыру сауықтыру жұмыстарының қорытындысы оқу іс	Жылына 2 рет	Медбике

	әрекеті алдын алу іс шаралары сауықтыру)			
9	Ішек құрт ауруларына балаларды тексеру Тубуркулезді айқындайтын себептерді алдын алу шаралары		Тұрақты	Медбике
10	Ата - аналарға кеңес. «Балаңыздың денсаулығы қалай? «Мәдени гигиеналық шаралар» «Тамақтану мәдениеті»		Жылына 2 – 3 рет	Медбике
11	«Денсаулық фестивалі». Балабақша қызметкерлері арасында		қыркүйек	Медбике
«Салауатты өмір салтын ұйымдастыру»				
Денсаулық күндері:				
№ р/с	**Тақырыбы**	**Іс-шаралардың түрлері**	**Жауапты**	**Мерзім**
1.	«Көңілді доптар». Ересек және мектепалды топтары Денсаулық күндері.	Қимылды ойындар	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Қыркүйек
2.	«Ғажайып ойындар». Ортаңғы және мектепалды тобындағы Денсаулық күндері.	Қимылды ойындар	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Қаңтар
3.	«Біз спортшылармыз!» Денсаулық күндері.	Отбасылық ойындар	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Сәуір
Дене шынықтыру-сауықтыру кештері:				
№	**Тақырыбы**	**Іс-шаралардың түрлері**	**Жауапты**	**Мерзім**
1	"Спорт әлеміне саяхат"	Ойындар	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Қыркүйек
2	«Көңілді ойындар» Ересек және мектепалды топтар	Спорттық мереке	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Қазан
3	"Шынықсаң – шымыр боласың!"	Ойындар	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Қараша
4	«Қысқы ойын-сауық». Ортаңғы және ересек топтар	Ойындар	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Желтоқсан
5	"Ептілер мен күштілер сайысы	Ойындар	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Қаңтар
6	"Жас спортшылар додасы"	Ойындар	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Ақпан
7	«Ұлттық ойындар ойнаймыз». Мектепалды топтар	Спорттық мереке	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Наурыз
8	"Әкем, анам және мен – спортты	Спорттық мереке	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Сәуір

	сүйетін жанұя			
9	«Біз күштіміз!» Ортаңғы және ересек топтар	Спорттық мереке	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Мамыр
Дене шынықтыру мерекелері:				
№	**Тақырыбы**	**Іс-шаралардың түрлері**	**Жауапты**	**Мерзім**
1.	Жарыс. «Біз чемпионбыз»	Ересек және мектепалды тобындағы дене шынықтыру мерекелері	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Қаңтар
2.	Спорттық эстафета ойындары. «Олимпиада жұлдызы»	Ересек және мектепалды тобындағы дене шынықтыру мерекелері	ДШ жөніндегі нұсқаушы:	Сәуір
Тиімді түрде үйлестірілген тамақтануды ұйымдастыру:				
№	**Жұмыстың мазмұны**	**Бақылау түрі**	**Жауапты**	**Мерзім**
1.	Тиімді түрде үйлестірілген тамақтануды ұйымдастыру.	Жедел бақылау	Меңгеруші, мейірбике, аспазшы, қоймашы	Қыркүйек
2.	Мәзірді дұрыс құру.	Жедел бақылау	Мейірбике, аспазшы, қоймашы	Күнделікті
3.	Жас ерекшелік қалыптарын сақтау.	Жедел бақылау	Меңгеруші, мейірбике, аспазшы, қоймашы	Күнделікті
4.	Қысқы кезеңде тағамды дәрумендендіру.	Жедел бақылау	Мейірбике, аспазшы, қоймашы	Қаңтар
5.	Жазғы-сауықтыру кезеңінде тамақтану бойынша кепілдіктерді сақтау.	Жедел бақылау	Мейірбике, аспазшы, қоймашы	Мамыр
Медициналық-педагогикалық бақылау (мейірбикенің жұмыс жоспары):				
№	**Жұмыстың мазмұны**	**Тексеруші**	**Жауапты**	**Мерзім**
1.	Әр топтағы балалардың тізімін бекіту.	Барлық топтар	Меңгеруші	Қыркүйек
2.	Ұжымның медициналық тексеруден өтуін бақылауға алу.	Барлық қызметкерлер	Мейірбике	Жылына 2 рет

3.	Тәрбие-білім беру үдерісіндегі тазалықты күнделікті бақылау	Барлық қызметкерлер	Мейірбике	Күнделікті
4.	Таза ауа (серуендеу, үй-жайларды таза ауамен желдету, кварцтау)	Барлық қызметкерлер	Мейірбике	Күнделікті
5.	«Дене шынықтыру бойынша ҰІӘ жалпы және моторлық тығыздығы, антропометрия, өкпе қуатын өлшеу, динамометрия, лақтыру және секіру қашықтығын өлшеу» медициналық-педагогикалық бақылау.	Барлық топтар	Мейірбике	Қыркүйек
6.	3-дәмді дәрумендендірілген тамақтандырудың қоректік тағамдардан тұратын 10 күндік мәзірді есептеу	-	Мейірбике	Күнделікті
7.	Бракераж журналын жүргізу.	-	Мейірбике	Күнделікті
8.	Ф26, Ф63 үлгісінің профилактикалық тексерулерін, егулерін жүргізу	Барлық топтар	Мейірбике	Күнделікті
9.	«Д» тізіміндегі балаларды тексеру	Барлық топтар	Мейірбике	Күнделікті
10.	Әр баланың психикалық дамуын бағалау, денсаулық тобын анықтау	Барлық топтар	Мейірбике	Күнделікті
11.	Балаларға алғашқы медициналық көмек көрсету	Барлық топтар	Мейірбике	Күнделікті
12.	Балаларды таңертеңгі қабылдау: * кіші жас тобы (журнал, табель); * жабық (карантиндік) топтарды	Барлық топтар	Мейірбике	Жабылған уақытта

	бақылау.			
13.	Науқас балаларға көмек көрсету	Барлық топтар	Мейірбике	Күнделікті
14.	Журналдар тізімі арқылы асханадағы аспаздардың ауруларын бақылау	Аспаздар	Мейірбике	Күнделікті
15.	Тәрбиешінің көмекшілері және тәрбиешілермен сабақтар өткізу	Тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі	Мейірбике	Айына бір рет
16.	Жұма күні ұйымның тазалығын тексеру, толық аралап шығу	Барлық қызметкерлер	Мейірбике	Әр жұма сайын
17.	«Дене шынықтыру бойынша ҰІӘ жалпы және моторлық тығыздығы, антропометрия, өкпе қуатын өлшеу, динамометрия, лақтыру және секіру қашықтығын өлшеу» медициналық-педагогикалық бақылау.	Барлық топтар	Мейірбике	Мамыр
22.	Карантин кезінде дезинфекциялық іс-шаралардың жүргізілуін бақылау	Барлық қызметкерлер	Мейірбике	Күнделікті
II тарау «Педагогтермен жұмыс»				
Педагогтерді аттестаттау:				
№	**Жұмыстың мазмұны**	**Түрі**	**Жауапты**	**Мерзім**
1.	Мәжіліс. «Аттестаттаудан өту бойынша нормативтік құқықтық заңнамалық база және әдістемелік ұсынымдар»	Мәжіліс	Меңгеруші, әдіскер.	Тамыз
2.	2025-2026 оқу жылының аттестаттау процедурасы бойынша жаңа әдістемелік нұсқауларды зерделеу.	Мәжіліс	Меңгеруші, әдіскер.	Жыл бойы, қажеттілігіне қарай
3.	Мәлімделген санатқа сәйкестікке	Бұйрық	Меңгеруші	Тамыз

	біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптама кеңесін (кемінде 5 адам) және аттестаттау комиссиясын (кемінде 7 адам) құру			
4.	Біліктілік санаттарын берудің (растаудың) перспективалық жоспарын құру және бекіту	Отырыс	Меңгеруші, әдіскер.	Қыркүйек
5.	Аттестаттау комиссиясына құжаттарды қабылдау және материалдарды сараптау кеңесіне жіберу (жылына 2 рет)	Отырыс	Меңгеруші	15 мамыр, 15 қарашаға дейін
6.	Сараптамалық кеңесте портфельді қарау және бағалау (жылына 2 рет)	Отырыс	Сараптама кеңесінің мүшелері	15 мамыр – 15 маусым, 15 қараша – 15 желтоқсан
7.	Аттестаттау комиссиясының отырысы	Отырыс	Аттестаттау комиссиясының мүшелері	15 маусымға және 25 желтоқсанға дейін
8.	Тестілеуден өту	Тестілеу нәтижесі	Меңгеруші, педагогтер	Кестеге сәйкес
9.	Тестілеу нәтижесі бойынша аттестаттау комиссиясының отырысы	Отырыс	Аттестаттау комиссиясының мүшелері	15 маусымға және 25 желтоқсанға дейін
10.	Педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығару	Бұйрық	Меңгеруші	15 шілде мен 25 желтоқсаннан кешіктірмей
11.	Педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктер беру	Куәлік	Меңгеруші	Шілде, желтоқсан
12.	Жеке кеңестер беру, сауалнама	Консультации	Аттестаттау комиссиясының мүшелері	Жыл бойы
